# Иммунизация бойынша нормативті-құқықтық акт. Егу бөлмесінің құжаттары.

- **Профилактикалық екпелерді жасауға медициналық қызметкерлердің жіберу реттілігі**

**Профилактикалық екпелерді жасауға жоғары және орта білімді тұлғалар біріншілік дайындықты өткеннен кейін жіберіледі. Біріншілік дайындықты өткен тұлғалар жыл сайын инструктаждан өтіп отырады.**

- **Профилактикалық екпелерді жүргізуге медицина қызметкерлерін даярлау санитарлы ережелер мен нормаларға сәйкес жүргізіледі. Комиссия құрамы санитарлы-эпидемиологиялық бақылаудың жергілікті басқармасымен және денсаулық сақтау департаментінің бұйрығымен бекітіледі. Комиссия құрамына педиатр, фтизиатр қажет болған жағдайда басқа мамандар тартылады.**

***Біріншілік дайындықты және инструктаж өткенде бекітілген формада куәландырылған құжат беріледі. Біріншілік дайындықтарды, жыл сайынғы инструктаждарды уақытында өткізу профилактикалық екпелерді жүргізетін ұйым басшылығына жүктеледі.***

# Профилактикалық екпелер және документация жүргізуге арналған орындарға қойлытын талаптар

**Арнайы бөлмеде жүргізіледі, егер елді-мекенде иммунизацияға жасауға жағдай болмаса құрамында білікті дәрігер, егуді жүргізетін бригада шақырылады. Егу бөлмесінің іші ылғалды тазалау және дезинфекция үшін тегіс беткейлі болу керек. Егу бөлмесінде табиғи жарықтандыру, орталықтандырылған су жүйесі, канализация, жылу, қол жууға арналған раковиналар болуы керек.**

princess-randall.spaces.live.com

- **Тоңазытқыш вакциналарды сақтау үшін**
- **термоконтейнор немесе тоңазытқыш сөмкесі**
- **уақытша сақтау үшін термоконтейнор**
- **жұмыс үстелі орындықтар**
- **медициналық үстел**
- **медициналық шкаф**
- **медициналық кушетка немесе пеленальный стол**
- **стерильді материалдармен бикс**
- **тонометр, термометр, бірреттік шприцтер, шпатель**
- **шокка қарсы терапия заттары**
- **вакцина қалдықтарын зарарсындандыруға арналған ерітінді**
- **бірреттік шприцтер утилизациясына арналған қорап**

# ***Иммунопрофилактика бойынша медициналық құжаттар.***

princess-randall.spaces.live.com

**1. Халық санын тіркеу журналы;**
**2. 112/у формасы «Баланың даму тарихы»;**
**3.63/у формасы «Профилактикалық екпелер картасы»;**
**4. 1 жылға профилактикалық екпелер жоспары (ай сайынғы сандық немесе тегі бойынша);**
**5. профилактикалық екпелерден ұзақ уақыт және тұрақты медициналық босатылған тұлғаларды тіркеу журналы;**

**6. N 6 формасы «Профилактикалық екпелермен қамтылу есебі»;**
**7. N 5 формасы «Профилактикалық екпелер және вакциналар қозғалысы есебі»;**
**8. Келіп түскен вакциналар және басқа МИБП есепке алу журналы;**
**9. Вакциналар және басқа МИБП беру журналы.**

Екпе жасауға қойылатын талаптар иммунопрофилактика үшін ДДҰ талаптарына сәйкес келетін, ҚР тіркелген, ашық конкурста сатып алынған вакциналар қолданылады вакцина қолданбас бұрын инструкциясын оқып, маркировкасын және ампуланың бүтіндігін тексереміз.

# Қолдануға тыйым салынады

- Мұздатуға ұшыраған сорбирленген вакциналар
- Жоғары температураның әсеріне ұшыраған тірі вакциналар
- Жарамдылық мерзімі өтіп кеткен вакциналар
- Ашық флакондағы вакциналар
- Флакон, ампула бүтіндігі бұзылса
- Ампулада маркировкасы жоқ немесе белгісіз вакциналар
- Инструкциясына сай келмейтін вакциналар

**Екпе дәрігер қарауынан кейін жүргізіледі**
**екпеден 30 минут мед.ұйымда болуы керек науқас,5-11 күн медициналық қызметкер үйде тесереді. Әдеттегіден тыс вакцинадан кейінгі реакция болса бірден шұғыл хабарлама жіберіледі.**